ҚАРАТӨБЕ
АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
КАРАТОБИНСКОГО
РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2024 жылғы 17 желтоқсан № **230**

Қаратөбе қыстағы

село Каратобе

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының әкімдігі Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 5-1 бабына , Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18-бабы 7 тармақшасына сәйкес, Қаратөбе ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының әкімдігі Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) құрылсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Мекеме жарғысы бекітілсін.

3. Мекеменің уәкілетті органы болып «Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі белгіленсін.

4. Мекеменің заңнамада белгіленген тәртіппен әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін «Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етсін.

5. «Қаратөбе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Б.Бердіғалиев) және «Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» (Б.Нұрмағамбетов) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Аудан әкімінің міндеттерін уақытша атқарушы **Ж.Сұлтан**

000162